

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3

2022



150 жыл
Ахмет
БАЙТҰРСЫНОВ

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 3 2022

ESCHANOVA, A.B.

ON THE EXPEDIENCY OF INTRODUCING A SYSTEM OF "DRIVER'S DEFAULT" IN THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The article discusses the results of the modernization of the law over the past 20 years on the deprivation of driving rights. In the current version of the regulation of administrative and legal liability for offenses in the field of traffic, deprivation of the right to drive a vehicle is applied only in cases where this type of administrative penalty is provided directly in the sanctions of the corresponding composition of the administrative offense.

Key words: license, deprivation, driver's license, default.

ӘОЖ 504

Уксикбаева, М.К.

*Жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
М.Өтеміс атындағы
Батыс-Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан*

ОРАЛ ҚАЛАСЫ МАҢЫНДАҒЫ ЖЕР ҮСТІ СУЛАРЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Түйін

Соңғы онжылдықта Батыс Қазақстанда табиғи сулар мен қоршаған ортаның ластануын кеңінен қадағалауда. Батыс Қазақстан облысы шаруашылық-ауыз сумен қамтылуы тапшылықты аймақ болып табылатындықтан, соңғы кездерісумен жабдықталу көздері ретінде тек жер үсті және жер асты суларын пайдалану мақсатында алынып отыр.

Кілт сөздер: су ресурстары, жер үсті сулары, экологиялық жағдай, сулардың ластануы.

Республикамыздың көптеген аймақтары құрғақ зонада орналасқан. Жергілікті жерлерде тұщы су жетіспеуі салдарынан олардың жарамсыз жерлерге айналуына себепші болып отыр. Соған байланысты – біздің мемлекетіміз үшін су қорын қорғау негізгі мәселенің бірі.

Су – бұл тек адамдардың шаруашылық қажеттіліктеріне пайдаланатын табиғат ресурстарының түрі ғана емес, сонымен қатар қоршаған орта үшін де қажетті элемент. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында ұлттық экологиялық проблемалардың бірі ретінде су ресурстарының сарқылуы менластануы қарастырылған [1].

Сондықтанда ұлттық деңгейде су ресурстарының сарқылуы мен ластануы проблемаларын шешу үшін ҚР Үкіметінің 2002 жылы 21 қаңтардағы №71 қаулысымен су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану проблемасын шешудің негізгі жолдары айқындалған.

Қазақстан Республика экономикасының және су шаруашылығы саясатының су секторын дамытудың 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданған, сонымен қатар жеткілікті көлемде және кепілді сападағы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республика Үкіметінің 2002 жылдың 23 қаңтарындағы № 93 қаулысымен «Ауыз су» салалық бағдарламасы бекітілді, ҚР-дың «Су кодексі» және «Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну коперативтері туралы» заңы қабылданған [2].

2005-2010 жылдары негізгі су бассейндерінің су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғаудың кестесін әзірлеу жөніндегі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жер асты ауыз суларын пайдалануды жеделдету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

Техникалық және экологиялық жағынан ең тиімдісі – жылдам қайта келуі, жеңіл алынуы, территорияда салыстырмалы бірқалыпты орналасуы, жоғары дәрежеде өздігінен таза-

руға қабілетіне байланысты өзен сулары болып табылады. Қазіргі кездегі суды пайдалану негізінен өзен көздерінен алынады. Дүние жүзі бойынша пайдаланылатын судың жалпы мөлшері 4000 км^3 (4 трлн. м^3) жақын. Судың негізгі бөлігі өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және басқа да салаларда қолданылады.

Су – жер шарының барлық көлемінің 71%-ын қамтиды. Су қоры-халық байлығы, дегенмен жер бетіндегі тұщы судың қоры өте аз. Өзендер мен көлдердегі тұщы сулардың қоры, гидросфера ресурсының 1%-іне де жетпейді. Құрлық бетінің әртүрлі жерлеріндегі тұщы сулардың қоры әралуан. Судың негізгі қорын 94%-ын мұхиттар мен теңіздер құрайды. Қалған 6%-ы мәңгі мұздақтар, тондар, өзен мен көлдердің үлесіне тиеді. Жер бетіндегі тіршіліктің барлық формасы үшін су қажет, онсыз тіршілік процесі жүрмейді. Соңғы жылдары өнеркәсіптің дамуы үшін, ауыл шаруашылығында азық-түлік мәселесін шешуде, халықтың санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсартуда тұщы суды керексінуге тез өсіп отыр [3].

Қазіргі кезде суды пайдалану алдын ала жасалған болжамдардан асып түседі. Егер суды пайдалану қарқынын есепке алсақ, жуық жылдардың ішінде су қажетсіну дәрежесі барлық өзендеріміздің жылдық ағысына тепе-тең болуы, оның қуып жетуі мүмкін. Мұның өте қауіпті жағдай екені белгілі. Егер барлық өзендеріміздің ағысы жер суғаруға, өндірісті дамытуға жұмсалатын болса, теңіздер мен көлдердің құрғап қалуынан, еліміздің экологиясының өзгеру қаупі бар. Мұндай қауіпті жағдайға мысал ретінде Сырдарияның суын жерді суару мақсатында тиімсіз пайдалану, Арал теңізі деңгейін күрт төмендетіп, бұл аймақтың экологиясын өзгертіп жіберсе, Іле өзенінің суын әр мақсатқа мол пайдалану Балқаш көлінің болашағына қауіп тудыруда [4].


Батыс Қазақстан территориясы жер үсті ресурстарына кедейлеу. Кейбір аудандарда жер үсті сулары мүлдем жоқ. Осындай жағдайларда қалаларды, елді-мекендерді, өнеркәсіптік кешендерді, мұнай-газ өнеркәсібін, жерлерді суаруда, жайылымдарды суландыруда ауызсумен, шаруашылыққа және техникалық сумен қамтамасыз ету үшін жер асты сулары пайдаланылады. Ауыз су мен қамтуға жарамды жер үсті сулары облыс территориясында әркелкі таралған [5].

Облыстың жер беті суларының негізгі көздеріне Жайық, Шаған, Деркөл өзендері жатады. Жайық өзенінің ластануы Ресей және Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысының территориясында жүреді (Елек өзені арқылы). Өндірістер жұмысының тоқтауына байланысты, Орал қаласы бойынша бұрын тіркелген ауыр метал тұздары (хром, цинк), соңғы 2 жылда байқалған жоқ. Батыс Қазақстан облысының жер беті суларына өзендер, көлдер, су қоймалары жатады. Олар жаңбыр және еріген қар суларының су қоймаларына, жер бедерінің төмен бөлігіне ағып жиналу процесінде пайда болады. Облыс территориясы бойынша 196 өзен ағады, оның ішінде тек сегізінші ағыны тұрақты, ұзындығы 200 шақырымнан асады. Бірнеше географиялық аймақтан ағып өтетін, үлкен алқапты Жайық өзені алады. Бір географиялық аймақ шегінде орналасқан, алқабының ауданы 50 м^2 аз емес 14 кіші өзендер бар: Елек, Утва, Барбастау, Деркөл, Шаған, Үлкен және Кіші өзен, Бағырлай, Көшім, Кіші және Үлкен Аңқаты, Қалдығайты, Бұлдырты, Өлеңті, қалған өзендер көктемгі су тасығаннан кейін кебеді де, тек терең ойыстарда да қалады [6].

Облыстың барлық өзендері жазықтық өзендерге жатады. Тек Жайық өзенінің облыстың солтүстік шекарасынан Көшім ауылына дейінгі бөлігі жартылай тау өзендеріне жатады. Барлық өзендер еріген қар суымен қоректенеді, көктемде тасиды. Бұл өзендер қыста қатып, мұзбен жамылады.

Облыстың негізгі сала тамыры – Жайық өзені және оның алабы Жалпы Сырттан ағатын (Ембулатовка, Быковка, Рубежка, Деркөл мен Шаған), Орал алды үстірттен ағатын (Елек, Утва, Барбастау, Ащы өзен: соңғысы Шалқар көлінен басталады, ал оған Кіші және Үлкен Аңқаты құяды) өзендерден тұрады. Жайыққа Барбастау саласы қосылғаннан кейін, оның оң саласы Көшім өзені, төменірек (Антоново ауылының солтүстігінде) Бағырлай өзені басталады, ертеде бұл өзендермен су Жайықтан (көктемде су тасығанда) далаға кететін, ал қазіргі кезде суару жүйелеріне кетеді. Соңғы кезде Бағырлай өзені Жайық аңғарынан

толықтай бөлінген. Жайық өзені мен оның салаларының суы Каспий теңізіне құяды. Басқа өзендер Каспий маңы ойпатының депрессиясында тұйық немесе көлдерде аяқталады.



Сурет 1 - Батыс Қазақстан облысындағы сулардың картасы

Батыс Қазақстан облысы шаруашылық-ауыз сумен қамтылуы тапшылықты аймақ болып табылатындықтан, соңғы кездері сумен жабдықталу көздері ретінде тек жер үсті және жер асты суларын пайдалану мақсатында алынып отыр. Қалалық және ауылдық жергілікті пунктерде сумен жабдықталу үшін көбінесе жерасты суларын пайдаланады. Жердің беті суларының экологиялық жағдайына бақылау жасау мақсатында мониторинг жүргізіледі және Жайық, Шаған, Деркөл өзендері суының сапалары сынама алу орындарында бақылауға алынады. Үлгілер алу Мем Ст талаптарына сәйкес алынады. Зерттеу нәтижелерінің қортындылары бойынша Жайық және Шаған өзендерінің су сапасы 2 класқа (таза) жатса, Деркөл өзені 2-3 класс аралығында. Ластану көрсеткіштері бойынша қанағаттанарлық және ластанған.

Өзендер мен көлдердің, теңіздердің суының ортаймауына қамқорлық жасаудың жолдары көп. Көптеген өзендеріміздің суының азаюы оның бойында өсіп тұрған ағашты орып тастаумен, көгалдар мен жайылыс жерлерін мақсатсыз жыртумен тығыз байланысты. Бұл факторлар жер асты суларының азаюына, жер үсті суларының көлдер мен теңіздерге аз түсуіне әкеліп соқтырады. Егер күнделікті жұмысымызда осындай жағдайларды болдырмауға жұмыс жасасақ, өзендер мен көлдерді сақтауға үлкен мүмкіндік туатыны сөзсіз. Еліміздің экономикасының даму елдің табиғи байлықтарын рационалды пайдалану мен тығыз байланысты. Соның ішінде су қорлары ерекше орыналады [7].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Батыс Қазақстан облысының елді мекендерін ауыз сумен қамтамасыз етудің 2002-2010 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы, 2001ж. – 35 б.
- 2 Қазақстан Республикасының су кодексі. – Астана, 2003ж. – 10 б.
- 3 ҚР Экологиялық кодексі, Астана, 2007ж. – 25 б.
- 4 Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы. Астана, 2004ж. – 43 б.
- 5 ҚР 2007-2024 жылдарға арналған Тұрақты дамуға көшу туралы концепциясы. Астана, 2006ж. – 54 б.
- 6 Жайық өңірі. Альбом. Құрастырушы: Ж.М.Төремуратова. – А., 2001. – 58 б.
- 7 Ақбасова, А.Ж. Экология / А.Ж. Ақбасова. – А.: Атамұра, 2003. – 368 б.

Материал редакцияға түсті: 20.06.2022

УКСИКБАЕВА, М. К.

**ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ ПОВЕРХНОСТНЫХ ВОД В ОКРЕСТНОСТЯХ
Г. УРАЛЬСКА**

В последнее десятилетие в Западном Казахстане широко отслеживается загрязнение природных вод и окружающей среды. В связи с тем, что Западно-Казахстанская область является дефицитной зоной хозяйственно-питьевого водоснабжения, в последнее время в качестве источников водоснабжения используется только поверхностные и подземные воды.

Ключевые слова: водные ресурсы, поверхностные воды, экологическая ситуация, загрязнение вод.

UKSIKBAEVA, M. K.

ECOLOGICAL STATE OF SURFACE WATERS IN THE VICINITY OF URALSK

In the last decade, pollution of natural waters and the environment has been widely monitored in Western Kazakhstan. Due to the fact that the West Kazakhstan region is a scarce zone of economic and drinking water supply, recently only surface and underground water has been used as sources of water supply.

Key words: water resources, surface waters, ecological situation, water pollution.